

Карантиндік режимді енгізе отырып, Жамбыл, Мамлют, Қызылжар, Шал ақын аудандарының аумағында карантинді аймақты белгілеу туралы

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017 жылғы 5 қаңтардағы № 02 қаулысы. Солтүстік Қазақстан облысының Әділет департаментінде 2017 жылғы 25 қаңтарда № 4034 болып тіркелді

"Өсімдіктер карантині туралы" Қазақстан Республикасының 1999 жылғы 11 ақпандағы Заңының 9-1-бабы 3) тармақшасына сәйкес, "Карантиндік режимді енгізе отырып, карантинді аймақты белгілеу туралы" "Қазақстан Республикасы Ауыл шаруашылығы министрлігі Агроөнеркәсіптік кешендегі мемлекеттік инспекция комитетінің Солтүстік Қазақстан облыстық аумақтық инспекциясы" мемлекеттік мекемесінің 2016 жылғы 2 қарашадағы № 04/954 ұсынымы негізінде Солтүстік Қазақстан облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. Қосымшаға сәйкес карантиндік режимді енгізе отырып, Жамбыл, Мамлют, Қызылжар, Шал ақын аудандарының аумағында жұпсыз жібек құртымен залалданған алқаптар көлемінде карантинді аймақ белгіленсін.

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің ауыл шаруашылығы басқармасы" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

3. Осы қаулы оны алғаш ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

Солтүстік Қазақстан
облысының әкімі

Е. Сұлтанов

Солтүстік Қазақстан облысы әкімдігінің 2017
жылғы 5 қаңтардағы № 02 қаулысына қосымша

Жамбыл, Мамлют, Қызылжар, Шал ақын аудандарының Аумағында жұпсыз жібек құртымен залалданған алқаптар көлеміндегі карантинді аймақ

№ р/с	Ауданның атауы	Мемлекеттік орман мекемесі	Орман шаруашылығы	Өңдеуге жататын алқабы, гектар
1	Жамбыл	Жамбыл орман шаруашылығы	Чернолеское	47,4
	Аудан бойынша жиыны			47,4
2	Қызылжар	Қызылжар орман шаруашылығы	Тепловское	6,1
			Боголюбов	2,5
			Куйбышев	7,5
		Соколовка орман шаруашылығы	Виноградов	40,0
			Налобин	18,5

	Аудан бойынша жиыны			74,6
3	Мамлют	М а м л ю т орман шаруашылығы	Михайлов	11,8
			Беловское	37,2
	Аудан бойынша жиыны			49,0
4	Шал ақын	Сергеевка орман шаруашылығы	Ровное	76,7
	Аудан бойынша жиыны			76,7
	Облыс бойынша жиыны			247,7

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК